

«БЖЗҚ» АҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

2023 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері (бұдан әрі – ЗА) 17 216,94 млрд.¹ теңгені құрады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен құрылған қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Қаржы құралдарының бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфельінің құрылымы

| Атауы | 01.01.2023 жылға ағымдағы құны | 01.01.2023 жылға үлесі | 01.10.2023 жылға ағымдағы құны | 01.10.2023 жылға үлесі | Жыл басынан өсуі/төмендеуі |
|---|---|---------------------------|---|---------------------------|----------------------------------|
| ҚР ҚМ МБҚ | 7 270,16 | 49,72% | 8 122,93 | 47,18% | 11,73% |
| Шетелдік мемлекеттердің МБҚ | 812,16 | 5,55% | 706,16 | 4,10% | -13,05% |
| ХҚҰ | 370,94 | 2,54% | 373,41 | 2,17% | 0,67% |
| ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары | 16,25 | 0,11% | 13,67 | 0,08% | -15,92% |
| ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары | 1 666,98 | 11,40% | 1 728,34 | 10,04% | 3,68% |
| ҚР ЕДБ облигациялары | 945,94 | 6,47% | 864,04 | 5,02% | -8,66% |
| Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары | 5,51 | 0,04% | - | 0,00% | -100,00% |
| PPN (құрылымдық ноттар) | 9,47 | 0,06% | 7,44 | 0,04% | -21,41% |
| ҚР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық колхаттары | 246,54 | 1,69% | 339,77 | 1,97% | 37,82% |
| Депозиттер | 200,39 | 1,37% | 193,97 | 1,13% | -3,20% |
| ҚРҰБ депозиттері | 80,34 | 0,55% | 515,42 | 2,99% | 541,59% |
| Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат | 22,69 | 0,16% | 99,85 | 0,58% | 340,14% |
| Басқа активтер (дебиторлық берешек, мерзімі өткен берешек, провизиялар) | 2,06 | 0,01% | 0,00 | 0,00% | -100,00% |
| Активтерді индекстік басқару, оның ішінде: | 2 972,49 | 20,33% | 4 251,95 | 24,70% | 43,04% |
| Дамыған елдердің МБҚ | 1 069,24 | 7,31% | 1 281,46 | 7,44% | 19,85% |
| Дамушы елдердің МБҚ | 547,83 | 3,75% | 781,40 | 4,54% | 42,64% |
| Сыртқы басқарудағы активтер | 1 355,43 | 9,27% | 2 189,09 | 12,71% | 61,51% |
| ҚРҰБ басқаруындағы ЗА жиынтығы | 14 621,89 | 100,00% | 17 216,94 | 100,00% | 17,75% |
| Зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақша | 37,07 | | 7,85 | 0,05% | |
| Зейнетақы активтерінің жиынтығы | 14 658,96 | | 17 224,79 | | |

млрд. теңге

БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфельіндегі борыштық қаржы құралдарын өтеуге орташа алынған кірістілік (ҮТМ) 01.10.2023 жылғы жағдай бойынша жылдық 10,8% құрады, оның ішінде теңгеге номинирленген – жылдық 12,2%, шетелдік валютада – жылдық 5,4%.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары

БЖЗҚ ЗА портфельінде негізгі үлесті ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ құрайды, олардың есептік айдағы ағымдағы құны 59,28 млрд. теңгеге ұлғайды және 8 122,93 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 47,18% құрады.

Есептік кезеңде жалпы сомасы 5,66 млрд.теңгеге ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ өтелді.

¹ зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақшаны есепке алмағанда

Қарастырылып отырған кезеңде орташа алынған кірістілігі жылдық 12,60% құрайтын номинал құны бойынша 50,00 млрд.теңге көлемінде ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатып алынды. ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ сатылмады.

Есептік күнге теңгеге номинирленген ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 12,6%, АҚШ долларымен – жылдық 3,4% құрады.

Өтімділіктің қосалқы портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары

Есептік ай үшін өтімділіктің қосалқы портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының ағымдағы құны 49,78 млрд. теңгеге азайды және 706,16 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 4,10% құрады.

Есептік кезеңде 212,36 млрд.теңге сомасына АҚШ МБҚ өтелді.

Қарастырылып отырған кезеңде орташа алынған кірістілігі жылдық 5,40% құрайтын жалпы 141,33 млрд.теңге көлемінде шетелдік мемлекеттердің МБҚ сатып алынды. Шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары сатылмады.

Есептік күнге БЖЗҚ ЗА валюталық портфелінің өтімділіктің қосалқы портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілігі жылдық 6,6% құрады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары

Есептік айда халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының ағымдағы құны 4,11 млрд. теңгеге ұлғайды және 373,41 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 2,17% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары сатып алынбады, өтелмеді және сатылмады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік теңгеге номинирленген сыйақының белгіленген мөлшерлемесімен жылдық 9,4%, сыйақының индекстелген мөлшерлемесі – инфляция және сыйлықақы құрады.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттер

Орташа алынған өтеу мерзімі 0,96 жыл болатын ҚР ЕДБ салымдарының ағымдағы құны есептік айда 4,15 млрд. теңгеге азайды және 193,97 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,13% құрады.

ҚР ЕДБ салымдары орналастырылмады және өтелмеді.

Есептік күнге ҚР ЕДБ салымдарын өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 9,2% құрады.

ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттер

Есептік күнге ҚР Ұлттық Банкіндегі депозиттердің ағымдағы құны 515,42 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 2,99%.

Есептік айда ағымдағы өтімділікті басқару аясында зейнетақы активтері бойынша табыстылықты ұстап тұру мақсатында ҚР Ұлттық Банкінің депозиттеріне инвестиция салынды. Мәмілелердің орташа көлемі жылдық 15,59% орташа алынған кірістілікпен 368,37 млрд. теңгені құрады.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік облигациялары

Есептік айда ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларының ағымдағы құны 1,51 млрд. теңгеге азайды және 13,67 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,08% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде кері сатып алу шеңберінде 2,03 млрд.теңге сомасына «ДТJ» АҚ облигацияларының бөлігі сатылды. ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары сатып алынбады және өтелмеді.

Қазақстан Республикасы квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары

Есептік айда ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларының ағымдағы құны 11,24 млрд. теңгеге ұлғайды және 1 728,34 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 10,04% құрады.

ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының бағалы қағаздары сатып алынбады, өтелмеді және сатылмады.

Есептік күнге ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік теңгеге номинирленген жылдық 11,3%, АҚШ долларына – жылдық 5,5% құрады.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары

Есептік айда ҚР ЕДБ облигацияларының ағымдағы құны 6,29 млрд.теңгеге азайды және 864,04 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 5,02% құрады.

Есептік кезеңде эмиссиялар проспектісінде белгіленген өтеу мерзіміне сәйкес 6,56 млрд.теңге сомасына «Еуразиялық Банкі» АҚ облигациялары бойынша негізгі борыш өтелді. ҚР ЕДБ облигациялары сатып алынбады және сатылмады.

Есептік күнге ҚР ЕДБ облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 10,4% құрады.

Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттары)

Есептік айда шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) ағымдағы құны 7,44 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,04% құрады.

Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) сатылмады, өтелмеді және сатып алынбады.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары

Есептік айда ҚР эмитенттері акцияларының және депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны 68,32 млрд. теңгеге ұлғайды және 339,77 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,97% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары сатып алынбады және сатылмады.

Валюталық құрылым

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлігінде қаржы құралдарының инвестициялық портфелі 2-кестеде келтірілген.

Есептік кезеңде зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30% деңгейде ұстау мақсатында инвестициялық портфелді түрлендіру үшін Қазақстан қор биржасында 200,00 млн. АҚШ доллары сатып алынды.

2-кесте. Валюталар бөлігінде ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

| Валюта | млрд. теңге | | | | |
|---------------|--------------------------------|------------------------|-----------------------------|---------------------|----------------------------|
| | 01.01.2023 жылға ағымдағы құны | 01.01.2023 жылға үлесі | 01.10.2023 ж. ағымдағы құны | 01.10.2023 ж. үлесі | Жыл басынан өсуі/төмендеуі |
| Ұлттық валюта | 10 467,94 | 71,59% | 11 737,56 | 68,17% | 12,13% |

| | | | | | |
|---------------|------------------|----------------|------------------|----------------|---------------|
| АҚШ доллары | 4 146,13 | 28,36% | 5 474,84 | 31,80% | 32,05% |
| Басқа валюта | 7,82 | 0,05% | 4,54 | 0,03% | -41,94% |
| Жиыны: | 14 621,89 | 100,00% | 17 216,94 | 100,00% | 17,75% |

Инвестициялық қызметтің нәтижелері


Инвестициялық қызметтің нәтижесінде, сондай-ақ шетелдік валюталар бағамының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан 2023 жылдың басынан бастап есептелген инвестициялық кіріс көлемі 1 402,61 млрд. теңгені құрады.

2023 жылдың басынан бастап салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция 7,20% болғанда 8,89% құрады.

2023 жылдың қыркүйек айында АҚШ ФРЖ базалық мөлшерлемені 5,25-5,50% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады. Базалық мөлшерлемені сақтау шешіміне қарамастан АҚШ ФРЖ өкілдері ағымдағы жылдың соңына дейін мөлшерлемені қосымша көтеру мүмкін екендігі жайында белгі берді. Мұнымен қоса, мөлшерлемелердің жоғары деңгейі бұрынғы болжамға қарағанда ұзақ мерзімге сақталады деп күтілуде.

Нәтижесінде қыркүйек айының қорытындысы бойынша MSCI World акциялар индексі 4,5%-ға төмендеді, ал АҚШ-тың эталондық 10 жылдық қазынашылық облигацияларының кірістілігі 46 базалық тармаққа өсті. Мұнымен бірге корпоративтік облигациялар мен дамушы елдердің облигациялары бойынша спредтер өзгерген жоқ.

ҚР МБҚ орналасуына сұраныстың төмендегені, сондай-ақ, инфляцияның тұрақтануы аясында орташа мерзімді ҚР МБҚ бойынша кірістіліктің аздап төмендеуі байқалды. Қыркүйек айында инфляцияның өсуі 0,6% (тамыз айында 0,7%) немесе жылдық мәнде 11,8% (тамыз айында 13,1%) құрады. ҚР МБҚ аукциондарында орташа сұраныс ұсыныспен бір деңгейде болды. Бұл ретте орташа мерзімді және ұзақ мерзімді қағаздарды қоса алғанда, ҚР МБҚ бүкіл қисығы бойында сұраныс тұрақты.



Көрсетілген кезеңге есептелген инвестициялық кіріс құрылымы 3-кестеде көрсетілген. 3-кесте. ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша алынған инвестициялық кіріс құрылымы
млрд. теңге

| | |
|-------|-----------------------------------|
| Атауы | 2023 жыл үшін инвестициялық кіріс |
|-------|-----------------------------------|

| | |
|--|-----------------|
| Бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі және бағалы қағаздарды қайта бағалаудан түскен кірістер | 1 069,81 |
| Шетелдік валютаны қайта бағалаудан кірістер (шығындар) | 88,99 |
| Сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер (шығындар) | 239,90 |
| Басқа кірістер (шығындар) | 3,91 |
| Жиыны: | 1 402,61 |

Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат

Сенімгерлік басқарудағы БЖЗҚ ЗА құрылымдық үлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының² талаптарына сәйкес келеді. Валюталық позициялар үлесі рұқсат етілген деңгей шегінде қалады және БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарын бұзбайды. 2023 жылғы 01 қазандағы жағдай бойынша БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау лимиттерін сақтау туралы мәліметтер 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте. БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау лимиттері

| № | Қаржы құралының түрі | Нақты мәні (зейнетақы активтерінен пайызбен) | Орындалуы (иә/жоқ) |
|----------|---|--|--------------------|
| | КЗТ ақшалай қаражат | 0,01% | иә |
| | Шетелдік валютадағы ақшалай қаражат | 0,65% | иә |
| 1 | Қазақстандық эмитенттер: | 67,87% | |
| 1.1 | Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары | 47,18% | иә |
| 1.1.1 | Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары | 0,0% | иә |
| 1.2 | Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозиттері | 2,99% | иә |
| 1.3 | Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің бағалы қағаздары | 11,75% | иә |
| 1.4 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтинг бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қаржы құралдары, оның ішінде: | 5,79% | иә |
| 1) | Борыштық бағалы қағаздар | 4,62% | иә |
| 2) | Үлестік бағалы қағаздар | 0,04% | иә |
| 3) | депозиттер | 1,13% | иә |
| 1.5 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы мен екінші деңгейдегі банктері субъектілерінің борыштық бағалы қағаздарын қоспағанда мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары | 0,00% | иә |
| 1.5.1 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігі және/немесе кепілдемесімен шығарылған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары | 0,0% | иә |
| 1.6 | Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің және Қазақстан Республикасы Екінші деңгейдегі банктерінің инвестициялау сәтіндегі Қазақстан Республикасы қор биржасының ресми тізімінің "Премиум" санатына кіретін немесе оған ұқсас не нарықтық капиталдандырылуы үш триллион АҚШ долларынан асатын әлемдік қор биржаларында листингі бар үлестік емес үлестік бағалы қағаздарды қоспағанда, мемлекеттік емес үлестік бағалы қағаздар | 0,16% | |
| 1.7 | Қазақстан Республикасы қор биржасының және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы ресми тізіміне енгізілген исламдық қаржыландыру құралдары | 0,0% | иә |
| 1.8 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «ВВ-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) және активтердің (ABS) кепіліне бағалы қағаздар | 0,0% | иә |
| 2 | Шетелдік эмитенттер: | 29,57% | иә |
| 2.1 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «ВВ-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің | 18,59% | иә |

² Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 10 қаулысымен бекітілген БЖЗҚ Инвестициялық декларациясы

| | | | |
|------|---|-------|----|
| | бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдарының мемлекеттік, агенттік және бағалы қағаздары | | |
| 2.2. | Мемлекеттік және агенттік бағалы қағаздарға инвестициялау аясындағы муниципалды бағалы қағаздар | 0,0% | иә |
| 2.3 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік борыштық бағалы қағаздар | 4,18% | иә |
| 2.4 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) және активтері (ABS) кепілдігіне бағалы қағаздар | 0,0% | иә |
| 2.5 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар корпоративтік бағалы қағаздарға инвестициялау аясында конвертацияланатын бағалы қағаздар | 0,0% | иә |
| 2.6 | Акциялар, акцияларға депозитарлық колхаттар | 6,75% | иә |
| 2.7 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар шетелдік банктердегі депозиттер (салымдар) | 0,00% | иә |
| 2.8 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ұйымдар шығарған құрылымдық өнімдер | 0,04% | иә |
| 2.9 | «Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ислам қаржыландыру құралдары | 0,10% | иә |

| № | Қаржы құралының түрі | Нақты мәні (3А жалпы көлемінен пайызбен) | Орындалуы (иә/жоқ) |
|-----|--|--|-----------------------|
| 1 | Туынды қаржы құралдары, олардың: | 0,00% | иә |
| 1.1 | Инвестициялық тәуекелді хеджирлеу мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары | 0,00% | иә |
| 1.2 | Инвестициялау мақсатында пайдаланылатын туынды қаржы құралдары | 0,00% | иә |
| 1.3 | Құйдағы және металл шоттардағы алтын | 0,0% | иә |

БЖЗҚ 3А инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарды сатып алу, сату және өтеу бойынша ақпарат

5-кесте. Есептік айда қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәліметтер

| Құрал түрі | Валюта | Бағалы қағаз эмитенті | Номинал құны теңгемен |
|--------------|--------|-----------------------|------------------------|
| АҚШ МБҚ | USD | АҚШ Үкіметі | 141 333 000 000 |
| ҚР МБҚ | KZT | ҚР Үкіметі | 50 000 000 000 |
| Жиыны | USD | | 191 333 000 000 |

6-кесте. Есептік айда қаржы құралдарын сату бойынша мәліметтер

| Құрал түрі | Валюта | Бағалы қағаз эмитенті | Мәміле сомасы теңгемен |
|--------------|--------|-----------------------|------------------------|
| Облигациялар | KZT | «DTJ» АҚ | 2 029 066 667 |
| Жиыны | | | 2 029 066 667 |

7-кесте. Есептік айдағы бағалы қағаздардың негізгі борышын өтеу бойынша мәліметтер

| Құрал түрі | Валюта | Бағалы қағаз эмитенті | Теңгемен өтеу сомасы |
|--------------|--------|-----------------------|------------------------|
| АҚШ МБҚ | USD | АҚШ Үкіметі | 212 364 000 000 |
| Облигациялар | KZT | «Еуразиялық Банк» АҚ | 6 558 100 000 |
| ҚР МБҚ | KZT | ҚР Үкіметі | 5 666 666 000 |
| Жиыны | | | 224 588 766 000 |